

**Бағалаудың өлшемдік технологиялар жүйесінің  
теориялық мазмұны  
Критериалды бағалау жүйесінің  
тұжырымдамалық (концептуалдық) құрылымы**

*Нургалиева Долорес Абилдаевна - п.ғ.к., доцент м.а.*

# Дәрістің мақсаты:

- Критериалды бағалаудың негізгі тәсілдерін түсіну.
- Оқыту мен сыныпта оқудың ҚБ қалай байланысатынын қарастыру.
- Бағалау критерийлеріне сәйкес тапсырмалар таңдау.
- Тапсырмаға дескриптор құрастыруды үйрену.



# Күтілетін нәтижелер

Тапсырма: дәрістен күтетін нәтижелеріңізді жазыңыздар

Не білемін?



© Can Stock Photo - csp11922836

Нені білгім  
келеді?

# Критериалды бағалау жүйесі

Бағалау: Бұл не үшін қажет?



*Бағалау деген не?*

*Бағалау не үшін қажет?*

*Бағалаудың мақсаты қандай?*

*Бағалаудың мүдделі тараптары кімдер?*

*Бағалаудың қандай түрлері бар?*

*Критериалды бағалау дегеніміз не?*

*Критериалды бағалауды енгізу қажеттігі неден туындайды?*



# ҚБ негізгі түсініктер


**Оқу мақсаты** - оқу бағдарламасына сәйкес пән бойынша оқушының оқу барысында меңгерген білім, түсінік, дағды жетістіктерінің күтілетін нәтижесі арқылы қалыптасқан тұжырым.

- **Бағалау** – оқытуды ұйымдастыру мен жоспарлауды түзету үшін оқушының нақты нәтижесін оқу бағдарламасындағы күтілетін нәтижелермен сәйкестендіру механизмі
- **Қалыптастырушы бағалау**– мұғалімдерді, оқушыларды және педагогикалық үдерістің басқа да қатысушыларын оқуды жетілдіру үшін қажет ақпаратпен қамтамасыз ететін оқудың ағымдағы бағалануы (нәтижесі баға ретінде тіркелмейді).
- **Критерийлер:** қойылған талаптарға сәйкестік бағалау бойынша шешімді қабылдау ережелері, негіздемелері
- **Жетістік критерийлері:** оқытудың мақсатына қол жеткізілуін оқушылар мен мұғалімдерге мүмкіндік беретін пайымдаулар (формативті бағалау)
- **Бағалау критерийі** - білім алушының оқу жетістігі деңгейін анықтайтын белгі немесе өлшем.
- **Дескриптор** – тапсырма бойынша орындаған жұмыс деңгейінің немесе сапасының сипаттамасы.
- **Тапсырма** – оқушының құзіреттілік деңгейін (пәндік, тілдік және т.б.) бағалауға мүмкіндік беретін нақты жағдай.
- **Кері байланыс** – қандай да бір жағдайға немесе әрекетке арналған жауап, пікір.



## БАҒАЛАУ. БАҒАЛАУ МАҚСАТТАРЫ

Оқу жетістіктерін бағалау - оқытудың жоспарлы мақсаттарына оқушылардың нақты қол жеткізілген нәтижелерінің сәйкестік дәрежесін анықтау.



## Бағалау міндеттері



# БАҒАЛАУ МІНДЕТТЕРІ

1. Оқу үдерісінің әр кезеңінде оқушыны оқытуда мұғалімнің қиындықты диагностикалауы
2. Бар қиыншылықтарды ескере отырып, оқытудың жеке траекториясын қамтамасыз ету
3. Оқу бағдарламасын меңгеруде олқылықтарды жоюға оқушыларды уәждеу
4. Оқу бағдарламасының тиімділігін зерттеу
5. Мұғалім, оқушы және ата-ана арасында кері байланысты қамтамасыз ету
6. Білім беру үдерісін мониторингілеу
7. Білім сапасын қамтамасыз ету
8. Білім беру ұйымына іріктеу
9. Жоғары оқу орнына түсу

Дәстүрлі (нормативті) бағалау – бұл оқушылардың жеке жетістіктерін бағалау оқушылардың көбінің нәтижелерімен немесе нормалармен салыстыру


Оқушыларға қойылатын бағалар оқу бағдарламасының тақырыбы мен нақты тарауларды меңгеруі туралы түсінік бермейді

Ағымдағы бағалар қорытынды бағаны қою кезінде ескеріледі, бұл бағалау үдерісінде оқушылардың қобалжуын тудырады

Педагог әр оқушының бірыңғай өлшемдерге қол жеткізуі емес, жалпы сыныптағы білімнің орташа деңгейіне бағыттала отырып баға қояды

Оқушылар, ата-аналар және педагогтарға түсінікті оқытудың жоспарлы нәтижелеріне қол жеткізуді бағалаудың нақты критерийлері жоқ





**«Критериалды бағалау»** терминін алғаш рет Роберт Юджин Глейзер (1963) қолданған және бұл термин оқушылардың оқу жетістіктерінің қол жеткізген және потенциалды деңгейлері арасындағы сәйкестікті анықтауға мүмкіндік беретін үдерісті сипаттайды.

**Критериалды бағалау** – оқушылардың оқу жетістіктерін білім беру мақсаттары мен мазмұнына сәйкес, ұжым ішінде өңделген, оқушыға, ата-анаға және мұғалімге түсінікті нақты анықталған критерийлерге негізделген үдеріс.

Критериалды бағалау оқушылардың жетістіктерін бір-бірімен салыстырмайды және бір-біріне тәуелді етпейді, сонымен қатар әр оқушының құзыреттілік деңгейі туралы ақпарат беруге бағытталады.

# КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІНІҢ МАЗМҰНЫ

ҚР МЖМБС

Білім беру аясында білім алушылардың дайындық деңгейлеріне қойылатын талаптар (күтілетін нәтижелер  
Б.Блум таксономиясына негізделген)

Бағалау  
стандарты

**Пән бойынша оқу бағдарламалары**

Пән бойынша оқу мақсаттары, бөлім, ортақ тақырыптар, бөлімшелер

Бағалау  
құралдары

**Ойлау дағдыларының деңгейлері:** білу, түсіну, қолдану, талдау, синтез, бағалау

**Сөйлеу әрекетінің түрлері:** тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым

**Бағалау критерийлері -**

білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауға негіз болатын белгі

Бағалау  
үдерісі

**Түрлі деңгейдегі тапсырмалар**

**Қалыптастырушы және жиынтық бағалау**

критерийлерге негізделген

Нәтиже

**Кері байланыс**  
Күнделікті тәжірибе

**Балдар**  
Әр бөлім және  
тоқсан бойынша

**Ойлау дағдыларының  
деңгейлері**  
Әр бөлім және  
тоқсанды аяқтау  
бойынша

**Баға**  
Оқу жылын аяқтау  
бойынша

## Оқу бағдарламасы

**Оқу бағдарламасы** әр пән бойынша құндылықтар мен мақсаттарды белгілейді және мұғалім ұстанатын қажетті педагогикалық тәсілдерді қысқаша сипаттайды. Бұл құжаттарда әр пәннің құрылымы мен мазмұны туралы барлық ақпараттар бар. Оқу бағдарламаларында бөлімшелерден құрастырылған, оқу мақсаттары түрінде көрсетілген әр пәнге байланысты күтілетін нәтижелер берілген. Пәндер бойынша күтілетін нәтижелердің білім, білік, дағды мен құзыреттіліктің қысқа мерзімді мақсат түріндегі сипаттамасы Мемлекеттік жалпыға бірдей білім беру стандартында көрсетілген.

**Оқу жоспары** - Сыныптардағы оқу бағдарламасының мазмұны пәндердің оқу жоспарындағы ұсынысында берілген. Оқу жоспарындағы тапсырмаларды мұғалімдер оқушылардың барлық оқу мақсаттарына жеткеніне және оқу бағдарламасының мазмұнын білетіндігіне көз жеткізу үшін қолдана алады.

**Оқыту мақсаты** – белгілі бір оқу кезеңі аяғында оқушылардың дағдылар мен түсініктерді, білімді меңгергендерін немесе оларды түсінетінін көрсететін тұжырым. Олар оқу жоспарында сыныптан сыныпқа көшерде пән бойынша нақты ілгерілегенін көрсету үшін белгіленген. Оқу жоспары ұзақ мерзімді, орта мерзімді, қысқа мерзімді мақсаттарды жоспарлайды.

**Ұзақ мерзімді жоспар:** - оқу мақсаттарын ортақ тақырыптық бөлімдерге топтастырады; - алдыңғы жұмыспен, оқу мақсаттарымен өзара байланыс орнатуға және оқытудың одан кейінгі жолдарын белгілеуге мүмкіндік береді; - бөлімдер арасындағы теңестірілген және басқарылатын байланысты орнатуды қамтамасыз етеді.

**Орта мерзімді жоспар:** - мұғалімдерге өз сабақтарын жоспарлауға қажетті бөліктерді (деталь) ұсынады; сабақ беруде әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолданудағы мүмкіндік жолдарын анықтайды; оқытудың кіріспе, дамыту мен бекіту тәсілдерін және негізгі ресурстарын ұсынады; бағалаудың мүмкіндіктерін анықтайды; тілдік қабілеттерді жетілдіретін талаптарды анықтайды.

**Қысқа мерзімді жоспар:** оқытуды ұйымдастырудың үдерісін: жаппай оқыту, топтық, жұптық жұмыс, жеке жұмысты анықтайды; оқытудың әр түрлі тәсілдерін ұсынады; бағалауды ұйымдастыруға мүмкіндік туғызады және оқушының оқу мақсатына жетуі туралы кері байланысын ұсынады.

# Бағалауға арналған негізгі құжаттар тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру)
2. Оқу бағдарламасы (пән бойынша)
3. Оқу жоспары (пән бойынша)
4. 2016-2017 оқу жылында жаңартылған білім беру мазмұны аясында жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарында білім алушылардың оқу жетістіктеріне критериалды бағалау өткізудің тәртібі туралы нұсқаулық
5. Бастауыш/Негізгі орта және жалпы орта білім беретін мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық
6. Критериалды бағалау бойынша өңірлік және мектеп үйлестірушілеріне арналған нұсқаулық
7. Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағы
8. Жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсыныстар



## Талқылау: Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау деген не?

- Оқу мен бағалаудың арасында қандай байланыс бар?
- Дұрыс бағалау дегеніміз не?
- Дұрыс бағалау неден құралады?
- Оған қандай сипаттар тән?
- Бағалауды табысты болуына не ықпал етеді?
- Критериалды бағалау оқу үдерісіне қалай әсер етеді?





# Бағалау

**Оқу жетістігін бағалау** білім алушының кері байланыс арқылы оқу мақсаттарына сәйкес жоспарланған білім беру үдерісін реттеу және түзету арқылы нақты қол жеткізген нәтижесін белгілеу үдерісі.


**Критериалды бағалау** – белгіленген критерийлер негізінде білім алушылардың нақты қол жеткізген нәтижелерін оқытудың күтілетін нәтижелерімен сәйкестендіру үдерісі.



## Критериалды бағалаудың негізгі қағидаттары

- **Оқыту мен бағалаудың өзара байланысы.** Бағалау оқытудың ажырамас бір бөлігі болып табылады, ол оқу бағдарламасындағы мақсаттармен, күтілетін нәтижелермен тікелей байланысты.
  - **Шынайылық, анықтық және валидтілік.** Бағалау дәл және сенімді ақпаратты ұсынады. Қолданылатын критерийлердің, құралдардың оқу мақсаттарына жетуге, күтілетін нәтижелерді бағалайтынына сенімділігі болады.
  - **Ашықтық және қолжетімділік.** Бағалау түсінікті, айқын ақпараттарды ұсынады, сондай-ақ, барлық оқу үдерісіне қатысушылардың қызығушылығын, жауапкершілігін арттырады.
  - **Үздіксіздік.** Бағалау білім алушылардың оқу жетістігінің ілгерілеуін дер кезінде және жүйелі қадағалап отыруға мүмкіндік беретін үздіксіз үдеріс болып табылады.
- Дамуға бағыттау.** Бағалау білім алушылардың, мұғалімдердің, мектептің, білім беру саласының даму бағытын анықтайды және ынталандырады.

# Критериалды бағалау жүйесінің тұжырымдамалық құрылымы



«жасауға қабілетті»- ден «жасай алатынына сенімді»-ге дейінгі әрекеттермен көрсетілген құзыреттілік деңгейін анықтау үдерісі берілген (П.Рейс, 1993).





## Кері дизайн

Мұғалім әрекетінің «оқу мақсаттары – сабақ – бағалау» реттілігі классикалық түрге айналды. Алайда білім беру үдерісін жобалаудың жаңа моделі аталған ұстанымның бағаланатын, қол жеткізетін білім, білік, дағдылар арасындағы сәйкессіздік тұрғысынан алғанда қайта қарауды қажет ететіндігін көрсетеді (нені оқытуы және нені бағалау қажеттігі арасындағы қарама-қайшылық). **Кері дизайн – бұл білім беру үдерісіндегі арнайы педагогикалық жобалау технологиясы, негізгі критерийі мазмұн емес (контент), оқытудың жоспарланған нәтижелері болып табылады**

# Әлеуметтік-конструктивистік оқу теориясы

Критериалды бағалау жүйесі оқытуда әлеуметтік-конструктивистік көзқарасқа сүйенеді. Әлеуметтік-конструктивистік оқу теориясы білім беруде ұжымдық, топтық, жеке-тұлғалық оқыту үдерісінде әлеуметтік конструкцияға ерекше көңіл бөледі. Дэвис және Херш (1981) оқытуда **сындарлы (конструктивистік) көзқарасы бар мұғалім оқыту мен бағалаудың білім мен дағдыны дамытуға бағытталғанын** түсінеді деп есептейді. Білім танымның келісілген аймағы ретінде қарастырылады; білім алушы білімді пассивті түрде алуды тоқтатып, сол білімнің «жасаушысы/құрастырушысы» бола бастайды.

Пиажениң (1967) әлеуметтік-конструктивистік оқу теориясына сәйкес білім алушылар қандай **дағдыларға қол жеткізді, қолынан не келеді, нені таныды тұрғысынан өз түсінігін қалыптастырған адам ретінде қарастырылады.** Оқыту білім алушылардың жаңа ақпаратты түсінуін, тәжірибе жинақтауын өзгерту (трансформациялау) үшін қолданылуы қажет деп түсіндіріледі (Выготский, 1966). Бұл білім алушылардың өз дағдыларын дамытуына, келешекте рефлексия арқылы абстракциялар көмегімен негізгі қағидаттарды қолдануына мүмкіндік береді (Дарлинг және Вэнворс, 2010). Әлеуметтік-конструктивистік оқу теориясына сәйкес білім алушылардың ойлауын дамыта оқыту түрлі дереккөздерден (мұғалім, құрдас, оқу



## Жақын арадағы даму аймағы

Жақын арадағы даму аймағы түсінігі Л.С.Выготскийдің енгізуімен белгілі, ол «жақын арадағы даму аймағы, баланың даму деңгейі, яғни қандай тапсырманы ол өз бетінше орындай алатынын және үлкендермен, өз құрдастарымен жұмыс жасай отырып жете алатын әлеуетті даму деңгейі арасындағы айырмашылығын білетінін анықтайды» дегенді білдіреді (Выготский, 1978, 86-бет). Осылайша, қалыптастырушы бағалау үдерісінде мұғалім немесе қабілетті құрдастарының бірі білім алушыға қолдау көрсетсе, оның дамуы жақын арадағы даму аймағында өтеді.

# Скаффолдинг теориясы

Скаффолдинг теориясы Л.С.Выготскийдің жақын арадағы даму аймағы түсінігімен тығыз байланысты, оқыту когнитивтік емес, ең әуелі, әлеуметтік, тұлғааралық деңгейлерде болады деп болжайды. Аталған дәйектерге қарамастан, Л.С.Выготскийдің өзі «скаффолдинг» терминін ешқашан қолданбаған (Стоун, 1998), ол тек адамның когнитивтік дамуындағы әлеуметтік өзара әрекеттің маңызды рөлін атап көрсеткен.

**Скаффолдинг (көпіршелер тұрғызу) – білім алушыға жақын арадағы даму аймағымен жүруіне және өз бетінше орындай алмайтын тапсырманы орындауға көмектесу үшін мұғалім көрсететін интерактивті қолдау (Глоссарий, 2012, 91-бет).**

Скаффолдингтің жаңашыл теориясы – бұл білім беру үдерісіне қатысушылардың арасындағылардың өзара сеніміне негізделген серіктестік. Оқу үдерісінің барысында қойылған мақсаттарға жету үшін қажетті көмек көрсету мақсатымен білім алушыларды қолдау (Дж.С.Брунер, 1976) қалыптастырушы бағалау тәжірибесінде мұғалім орындайтын маңызды функциялардың бірі болып табылады. «Скаффолдингтің» негізгі сипаттамалары:

- 1. Жалпы мақсаттардың болуы.** «Скаффолдинг» үшін аса маңызды жағдай «интерсубъективтіліктің» бар болуы болып табылады (Рогофф, 1990), ол екі субъектінің екі түсінікке ортақ түсініктерінің болу жағдайы. Интерсубъективтілік мұғалім мен білім алушының оқудағы нәтижеге ортақ жауапкершіліктерінің болуы ретінде қарастырылады.
- 2. Ағымдық диагностика және бейімделуге қолдау көрсету.** Скаффолдингтің маңызды ерекшеліктерінің бірі білім алушыларға қажетті қолдауды «бірте-бірте» көрсету үшін мұғалім олардың ілгерілеуін үздіксіз бағалап отыратын дерек болып табылады. Сондықтан мұндай өзара әрекет «білім алушылардың қажетті дағдыларды меңгеруіне, жоғары деңгейдегі тапсырмаларды орындай алуына көмектесуі керек» (Вуд және басқалар, 1976, 97-бет).
- 3. Диалог және өзара әрекет.** Мұғалім мен білім алушылардың өзара әрекеттері скаффолдингте диагностикалық болып табылады. Бұл білім алушыларды селқос білім мен тәжірибе алушы емес, сұрақтар/ тапсырмаларды шешуде белсенді қатысушы, серіктес ретінде көруге мүмкіндік береді. Ал өзара әрекет диалогтің арқасында мүмкін болады (Браун және Палинксар, 1985; Палинксар және Браун, 1984), яғни мұғалім мен білім алушы немесе білім алушы мен білім алушы арасындағы әңгімелесулер.
- 4. Қолдауды азайту, жауапкершілікті беру.** Скаффолдинг жағдайларының бірі білім алушыларға мұғалім тарапынан көрсетілетін қолдау көлемін біртіндеп азайту. (Вуд және басқалары, 1976). Бұл біртіндеп білім алушылардың өз оқуына өзі жауапкершілікпен қарай алуына толық жеткізу болып табылады

# КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІНІҢ ТҮЙІНДІ ИДЕЯЛАРЫ

Элементтер	Түйінді идеялар
Құзыреттілікке негізделген тәсілдеме	Оқу бағдарламасын меңгеру, бағалау критерийлерін бақылау, өлшеуге қатысты берілген оқу мақсаттарына жеткенін айғақтайтын нақты нәтижелер арқылы бағаланады.
Кері дизайн	Кері дизайн технологиясында оқу үдерісінің жобалануы: Оқу бағдарламасы – Бағлау жүйесі – Оқу және оқыту үдерісі
Әлеуметтік-конструктивистік білім беру теориясы	Оқушы пассивті бағаланушыдан бағалау үдерісінің белсенді «жасаушысына/құрылысшысына» айналады; «нені», «қалай» және «неліктен» бағаланатынын түсінеді. Бұл оқушы мен мұғалімнің арасындағы кері байланыстың сапасының, оқушының өзін-өзі реттеуі мен өзіндік жауапкершілігінің артуына ықпал етеді.
Оқу мақсаттарының таксономиясы	Оқу мақсаттары ойлау дағдыларының алты деңгейімен сипатталады: білу және түсіну, қолдану, талдау, синтез, бағалау
Сөйлеу әрекетінің теориясы	Тілдік пәндер бойынша бағалау критерийлері 4 тілдік дағдыларды сипаттайды: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым
Жақын арадағы даму аймағы	Мұғалім мен құрдастарының қолдау көрсетуі арқылы оқушының дамуына қолайлы орта орнатылады
Скаффолдинг теориясы	Оқушыларды қадамдық қолдау және әр түрлі деңгейдегі тапсырмаларды қолдану
Қалыптастырушы бағалаудың теориясы	Бағалаудың негізін үш сұрақ құрайды: «білім алушылар оқудың қай сатысында тұр?», «өз оқуында олар қайда ұмтылады?» «соған жету үшін оларға қандай көмек көрсету қажет?»
Білімді толық меңгеру теориясы	Оқушының оқу жетістігі деңгейіндегі айырмашылықты үш фактор арқылы түсіндіреді: Білім алушылардың бастапқы білімін бақылау және оқу үдерісін олардың қажеттілігіне сай бейімдеу; мүмкін болатын сәтсіздіктерге берілмеу үшін алдын-ала қолдау көрсету арқылы оқушыны ынталандыру; жеке қолдау көрсету және марапаттау

## КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ. ТҮРЛЕРІ.

**КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ** – оқытудың мақсаттарына сәйкес күтілетін нәтижелерге қол жеткізу үшін жеке оқытуды түзетуге мүмкіндік беретін алдын ала белгілі өлшемдерге қатысты оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау. Оқушылардың дағдыларының даму деңгейін бағалауға мүмкіндік береді.





**Критериалды бағалауды қолдану мүмкіндік береді:**

- ✓ Оқу процесін анағұрлым тиімді ұйымдастыру;
- ✓ Оқушыларға уақытылы қолдау көрсету мен олардың оқудағы өсуін қамтамасыз ету;
- ✓ Оқу бағдарламасының сапасын бағалау;
- ✓ Барлық мүдделі тараптарға оқытудың нәтижелері туралы ақпаратты ұсыну.



**КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ** – оқу бағдарламасындағы күтілетін нәтижелерге жету мақсатында оқушылардың білім алудағы жеке даму жолына түзетулер енгізуге мүмкіндік беретін, оқушының оқу жетістігін алдын-ала нақты анықталған бағалау критерийлерімен сәйкестігін бағалау болып табылады.

<b>ДӘСТҮРЛІ БАҒАЛАУ</b>	<b>КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ</b>
<p>Бағалар оқушы білімінің нәтижесін салыстыру және сыныптағы орта деңгейде қолдана алатынын бағалау арқылы қойылады.</p> <p>Бағалау олардың нақты жетістіктерінің сипатын көрсете алмайды.</p>	<p>Оқушылар мен ата-аналарға түсінікті <b>БІРЫҢҒАЙ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ</b> анықталған:</p> <p>Әр критерийлерге жету деңгейлері оқу бағдарламасының оқу мақсатына сәйкес әр тақырыбына және бөліміне анықталған және олар оқушыларға алдын – ала белгілі.</p>
<p>Бағалау оқу бағдарламасының нақты тақырыптарын меңгеру деңгейін көрсете алмайды.</p>	<p>Қолданыстағы журнал оқу бағдарламасындағы <b>НАҚТЫ ТАҚЫРЫПТАРДЫ МЕҢГЕРУ ДЕҢГЕЙЛЕРІН</b> және оқылатын тақырыптар мен дағдыларда оқушылардың біліміндегі кемшіліктерді көрсете алады.</p>
<p>Бағалау субъективті түрде өтеді.</p>	<p>Бағалау объективті түрде өтеді және <b>МҰҒАЛІМ</b> әр оқушыға нашар игерген тақырыптары бойынша <b>НАҚТЫ КӨМЕК</b> көрсете алады.</p>

## ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУ

- Қалыптастырушы бағалау – сабақ берудің және оқытудың бөлігі, «оқыту үшін бағалау»;
- Сабақ беру барысында мұғалім оқушылардың оқу бағдарламасының мақсатына жетуін бағалайды;
- Оқытудың мақсат сандары пәндер және тоқсан бойынша әр түрлі болады;
- Оқытудың мақсатына жетуді бағалау критерийлеріне сәйкес бағаланады;
- Критерийлер әр мақсаттарға жеке әзірленген;
- Критерийге жету үшін дескрипторлар қолданылады.

Дескрипторлар – оқыту мақсаттарына сәйкес критерийлерге жету деңгейлері

## ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУ

**Тапсырма 1:** сыныптың жас ерекшелігі мен тақырыпқа сәйкес оқу мақсатын құрастырыңыздар;

**Тапсырма 2:** оқу мақсатына сәйкес бағалау критерийлерін дайындаңыздар;

**Тапсырма 3:** бағалау критерийлеріне негізделген тапсырмалар құрастырыңыздар;

**Тапсырма 4:** тапсырмаларға бағалау критерийлеріне сәйкес дескрипторлар құрастырыңыздар.



# Бағалау критерийлерін құрастыруда қолданылатын етістіктер

## Ойлау дағдыларының деңгейлері

Білу және түсіну	Білімді қолдану	Анализ	Синтез	Бағалау
анықтайды	сәйкестендіреді	талдайды	біріктіреді	түсіндіреді
атайды	таңдайды	зерттейді	дәлелдейді	талқылайды
жазады	шешеді	тексереді	салыстырады	дәлелдейді
қайталайды	қолданады	сәйкестендіреді	құрастырады	болжайды
көрсетеді	құрастырады	бөліп көрсетеді	мақұлдайды	шешім қабылдайды
хабарлайды	қолданады	саралайды	қорытынды лайды	ұсынады



# КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУДЫҢ ПРАКТИКАЛЫҚ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

20

Критериалды бағалауды қолданудың беретін мүмкіндігі:

Мұғалімдерге	Оқушыларға	Ата-аналарға
Әр оқушының оқу процесінің әр кезеңінде дайындық деңгейін анықтауға	Оқуда өз табыстарын сезінуді және нәтижелерін болжау үшін бағалау критерийлерін білуге және түсінуге	Өз баласының оқу деңгейі туралы объективті дәлелдер алуға
Оқушы дамуында оның оқудағы прогресін және жеке траекториясын қадағалауға	Өз нәтижелерін растау үшін оқудың әр түрлі стильдерін, ойлау қызметі және қабілеттерінің әр түрлі типтерін қолдануға	Баласының оқудағы жеке дамуын қадағалауға
Оқу бағдарламасын меңгерудегі кемшіліктерді жоюда оқушыларды ынталандыруға	Өзін және құрдастарын бағалауға, рефлексияға қатысуға	Оқу процесінде балаға қолдау көрсетуге
Оқу бағдарламасының тиімділігі туралы мониторинг жүргізуге	Нақты тапсырмаларды шешу үшін білімді және дағдыны қолдануға, әр түрлі пікір айтуға, сын тұрғысынан ойлауға	Мектеп әкімшілігі және мұғалімдермен кері байланыстың болуына.

Мұғалімдер, ата-аналар және оқушылар арасында кері байланысты орнатуға.

# БАЛДЫ 5-ТІК БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІНЕ АЙНАЛДЫРУ

29

## Балды бағаға айналдыру

Жалпы балл саны	5 балдық шкала бойынша баға
48-60	5
36-47	4
24-35	3
2-23	2
0-1	1

Балдарды 5-тік бағалау жүйесіне айналдыру халықаралық кеңесшілермен келісілген

# КЕРІ БАЙЛАНЫСТЫ ЖАЗУҒА АРНАЛҒАН ҰСЫНЫСТАР

Үнемі тиімді кері байланыс жасаңыз және оқушыларды өз жұмысын және басқалардың жұмысын бағалауға үйретіңіз.

- Түсіндірмесіз айтылатын «дұрыс емес», «өтірік», «кім жауап береді?» деген сөздерден аулақ болыңыз. Ненің дұрыс емес екенін, оны түзету үшін не істеуге болатынын ұсыныңыз.



Қателігін емес, дұрыс орындалғанын айтыңыз.

Кемшіліктерді болдырмаудың жолдары немесе жауаптарын қалай жақсартуға болатыны жөнінде ұсыныстар беріңіз.

- Қателіктері туралы төмендегідей пункттер бойынша ақпарат бере аласыз:
  - орналасуы;
  - қателерінің түрі;
  - қателерді жөндеу үшін жасалатын әрекеттер.



Оқушының жауабына берілетін кері байланысыңызда мысқылдайтын, сынайтын тұрғыдағы «орынсыз жауап», «бұлай ойлауға қандай қақиң бар» және т.б. жағымсыз сөздерді, сөз тіркестерін қолданудан сақтаныңыз. Мұндай сөз тіркестері оқушының намысына тиеді.